

Төтенше жағдай енгізу кезінде қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс жағдайы туралы АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» № 285 Жарлығымен елімізде 2020 жылғы 15 наурыздан бастап 2020 жылғы 15 сәуірге дейін төтенше жағдай енгізілді.

2020 жылғы 19 наурыздан бастап Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында белгісіз уақытқа дейін карантин режимі қойылды. Ол сондай-ақ азаматтардың вирус жұқтыру қаупі жоғары еліміздегі кейбір аймақтарында да енгізілді.

Вирустың таралуына жол бермеу шарасы ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ҚР Президенті жанындағы ТЖ режимін қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік комиссия шешімі негізінде жекелеген білім беру ұйымдарының қызметін уақытша тоқтатып, жоғары, кәсіптік және техникалық, жалпы орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытуды енгізу туралы шешім қабылдады.

Орын алған жағдай еңбек қатынастарын ұйымдастыруда бірқатар қиыншылықтар тудырып, соның бірі жұмыс күшін бұқаралық босатуға әкеліп соқты.

Жұмыс берушілер жағдайды реттеудің қолданыстағы құқықтық құралдары: қашықтықтан жұмысты ұйымдастыруға, толық емес жұмыс уақытын енгізуге, жұмысты тоқтатуға, қызметкерлерге ақы төленетін демалыстар, жалақы сақталмайтын демалыстар беруге мәжбүр болды.

Кәсіподақ ұйымдарының алдына сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, олардың кірістерінің деңгейін барынша сақтау сияқты маңызды міндет қойылды. Әдеттен тыс шаралар қабылдау қажеттілігі туындады.

Кәсіподақ саланың жұмыс берушілеріне жұмыскерлердің еңбекақыларының қолданымдағы параметрлерін қамтамасыз ету, ақы төленбейтін демалыстарға жол бермеу, жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарын беру және қолдану кезінде заңдылық режимін қамтамасыз ету талабымен үндеу жасады.

Кәсіподақ төтенше жағдай және карантин режимі кезінде жұмыс берушілердің ықтимал іс-әрекеті туралы нұсқаулықтар әзірлеп, түсіндірмелер берді. Мамандар жедел түрде жұмыстың бос тұрып қалу режиміне ауыстырылған қызметкерлерге төлем төлеу, демалыстардың барлық түрлерін беру тәртібі мен оларға төленетін ақы және еңбек қатынастарының басқа да мәселелері бойынша түсіндірмелер әзірлеп, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялады.

Қызметкерлердің құқықтарын бұзушылықты анықтау және оларды тез арада жою мақсатында, барлық әлеуметтік желілердің жүйелі мониторингісі жасалып, Facebook, Instagram, Telegram желілерінде ашық топтар құрылды. Салалық Кеңестің құқықтық қызмет мамандары тарапынан аптасына жеті күн

ішінде, демалыссыз, қызметкерлер мен жұмыс берушілерге телефон және интернет байланыс желісі бойынша кеңестер беру жүзеге асырылады. 25 наурыз бен 10 сәуір аралығында 300-ден астам кеңес берілді. Жазбаша 48 өтініш қаралды.

25 наурыз бен 10 сәуір аралығында әлеуметтік желілер каналдары арқылы 381 өтініш қабылданды, соның ішінде:

- Ақмола облысы - 37;
- Алматы облысы - 29;
- Атырау облысы - 40;
- Ақтөбе облысы - 16;
- Шығыс-Қазақстан облысы - 23;
- Жамбыл облысы - 16;
- Жезқазған аумағы - 3;
- Батыс-Қазақстан облысы - 8;
- Қарағанды облысы - 19;
- Қостанай облысы - 15;
- Қызылорда облысы - 17;
- Маңғыстау облысы - 7;
- Павлодар облысы - 36;
- Солтүстік-Қазақстан облысы - 13;
- Семей аумағы - 6;
- Түркістан облысы - 47;
- Шымкент қ.- 24;
- Алматы қ.- 22;
- Нұр-Сұлтан қ. - 3.

Жағдайды мониторингілеу және жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылауды күшейту жөнінде шұғыл шаралар қабылданды.

Жалпы, салада қазіргі таңда еңбек қатынастарындағы дағдарыс құбылыстарының дамуына жол берілмеді. Дегенмен жағдай қиын болып тұр.

2020 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша:

Жұмыстың бос тұрып қалу режиміне ауыстырылған қызметкерлердің барлық саны - 61307 адам, соның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында - 17270 адам;
- жалпы орта білім беру ұйымдарында - 36302 адам;
- қосымша білім беру ұйымдарында - 3645 адам;
- кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында - 3791 адам.

Ең көп саны: Қызылорда облысында - 23895 адам; Батыс-Қазақстан облысында - 11059 адам, Жамбыл облысында - 11059 адам, Шымкент қаласында - 5097 адам.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарына жіберілген қызметкерлердің барлық саны - 42522 адам, соның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында - 21682 адам;
- жалпы орта білім беру ұйымдарында - 12582 адам;

- қосымша білім беру ұйымдарында - 5679 адам;
- кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында - 2263 адам;
- білім беру саласының басқа ұйымдарында - 316 адам;

Жалақы сақталмайтын демалысқа жіберілген қызметкерлердің барлық саны – 2811 адам, соның ішінде:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында - 1989 адам;
- жалпы орта білім беру ұйымдарында - 298 адам;
- қосымша білім беру ұйымдарында - 346 адам;
- кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында - 145 адам;
- білім беру саласының басқа ұйымдарында - 33 адам;

Ең көп саны: Атырау облысы - 1531 адам; Түркістан облысы - 481 адам; Маңғыстау облысы - 265 адам; Жамбыл облысы- 133 адам.

Қиын жағдайларда қолданылатын маңызды құралдардың бірі әлеуметтік әріптестік жүйесі болып табылады. Мысалы, еліміздің көптеген аймақтарында салалық аймақтық келісімдер әзірлеу кезінде Кәсіподақтың ұсыныстары ескеріліп, қызметкерлердің жұмыстың бос тұрып қалуы кезінде ҚР Еңбек кодексінің нормаларымен көзделген мөлшерден артық төлемдер алуына мүмкіндік жасады.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары, Ақмола облыстық, Жезқазған аумақтық ұйымын, «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподағын қоспағанда, келісімдерге қызметкерлердің толық жалақысын, болмаса оның көп бөлігін сақтау жөнінде ереже енгізілді.

Төрайым орынбасары

В. Беженаров